

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

1. Велединский, В.Г.; Спортивно-оздоровительный сервис: учебник / В.Г. Велединский. - М. : КНОРУС, 2014.- 216 с.
2. Григорьев, А.И., Динамика развития рынка фитнес-услуг в России: Сборник материалов Всероссийской научно-практической конференции / А.И. Григорьев. - СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2009 - 260 с.
3. Деобальд, Н.В. Развитие современных оздоровительных технологий и комплексных программ оздоровления / Н.В. Деобальд. - Тольяти : Вектор науки Тольяттинского государственного университета. Серия: Педагогика, психология. - 2010. - № 2. - С. 36-38.
4. Каспрук, Д.И. Значение термина «Fitness» / Д.И. Каспрук // Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки: сб. ст. / - М. : 2015., Вып. 11 - 2. -С. 246-248.
5. Сапожникова, О.В. Фитнес: учебное пособие для студентов, обучающихся по программе бакалавриата по всем направлениям подготовки и специальностям / О.В. Сапожникова. - М-во образования и науки Российской Федерации, Уральский федеральный ун-т им. первого Президента России Б.Н. Ельцина, Ин-т физ. культуры, спорта и молодежной политики. Екатеринбург: Изд-во Уральского ун-та, 2015. - 140 с.
6. Blanco, P.C., Hernandez-Hernandez, E., del Valle, M.R. Analysis of Universal Factors of Physical Activities in Natural Environment. Adventure Physical Activities in Nature (Outdoor Activities): Preliminary Research. Espiral-Cuadernos Del Profesorado. 2018.

УДК: 338.23

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АГРОТУРИЗМДІ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Асқар Инжу Бегенішқызы

askarovvaa0409@icloud.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Туризм кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Сиеубаева М.С.

Елімізде туризмді дамыту және шет елдік туристер қызығушылығын, көлемін арттыру үшін барлық қажетті мәдени, тарихи, географиялық және климаттық жағдайлар жеткілікті.

Қазақстанның экономикасының жоғары қарқынмен дамуына кең көлемде үлес қосатын негізгі салалардың бірі туризм және ауыл шаруашылығы саласы екені белгілі.

Қазақстан агротуризмнің дамуы, оның жеке индустрия болып қалыптасуы, аймақтардағы экономикалық дамудың ырғақтылығы, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайының қалыптасуын көрсететін бір бағыт-валюталық түсімдердің көбеюі - туризм нарығындағы зерттеу жолдарының жаңа бағыттарын талап етеді.

Ауыл туризмнің бір шағын түрі - агротуризм. И. Ендрейчиктің еңбектерінде: «Агротуризм дегеніміз ауыл шаруашылық кәсіпорындарында қонақтарды қабылдаумен байланысты іс-әрекет түрі. Агротуризм ауыл шаруашылығымен, ауыл шаруашылық кәсіпорны жұмысымен тығыз байланысты. Мұнда туристердің ауылды жерге оларды итермелейтін түрткісі - мал өсіруге, егістікпен айналысуға деген қызығушылығы» - деп берілген [1].

Агротуризмнің тағы бір тиімді жері - жұмыссыздықты азайту, жаңа еңбек орындарын қалыптастыру. Мұндай әсер тікелей және жанама болуы мүмкін.

Агротуризм мынадай бағыттармен ұсынылуы мүмкін – аграрлық туризм, ауылдық, фермерлік, «жасыл», бірақ оның мәні аталғаннан өзгермейді. Негізгі акцент оның түпмәнігінділігіне және ауылдың тыныс-тіршілігіне толығымен сіңісуге қойылады, осы акцент қалалық әбігерлікке, шуға, хайтекке, ауаның газбен ластануына, асығып жүрген экскурсанттарға тән емес.

Агротурдың әдетте ауылдағы үй жалдап тұрудан ерекшелігі осы агротурға тұрғын үйге классикалық курорттық сервистік қызмет көрсетудің толық жиынтығы қосылады: тамақтану, үй-жайды жинау, кір жуу, өтектеу. Агротуризмнің өзгешелігі тұратын ортаны терең түсінуге ,

ауыл тұрмысының мәдениетін қабылдауға негізделеді. Сөйтіп агротуризмнің ажырамас бөлігі салт-дәстүрлермен, қолөнерімен танысу болып табылады. Ортаны жан-тәнімен қабылдау және жергілікті ерекшелікті кәсіптің дамуына қолдану: бұл ең алдымен маңайдағы сырға толы жолдармен жүргізу, сұлулығы керемет табиғаттан рахат алу мүмкіндігі.

Агротуристің демалуын ұйымдастыруды жеке фермерлер қамтамасыз етеді. Осы бизнес, егер ол дұрыс жолға қойылса, бірден екі пайда бере алады. Батыс елдерінде агротуризм ішкі туризмнің де, фермер шаруашылығының да дамуына жәрдемдеседі. Ауылдық туризм арқылы ауыл жерлеріне әлеуетті инвесторларды тарту идеясы туындайды.

Агротуризмде кемшіліктер жоқ деп те айтуға болады. Себебі, агротуризм бұл - әр адамға жағатын, тыныш және экологиялық таза жердегі пайдалы демалыс түрі. Керісінше бұндай демалыс денсаулықты жақсартуға септігін тигізеді. Барлығына қоса агротуризм келесі мүмкіндіктерді береді:

- Жергілікті халықтың жағдайын, олардың ұлттық колоритін сезіну.
- Табиғатқа жақынырақ болу.
- Экологиялық таза өсірілген өнімдерден жасалған үй тағамдарынан дәм тату [3].

Агротуристік кешен басқа демалыс орындарынан қызмет көрсетулердің қарапайымдылығымен және сол жердің тыныс - тіршілігіне араласу мүмкіндігінің болуымен ерекшеленеді (Кесте 1).

Кесте 1. Зерттеу материалдары мен әдістері

Агротуристік кешен	Турбазадағы демалыс
Қаланың қарбалас өмірінен демалу, уақытша өмір сүру типін ауыстыру, табиғатқа жақын болу мүмкіндігі.	Туристік базада немесе демалу базасында орман ішіндегі қаланың барлық өркениетімен, соңғы жасалған техникаларымен жабдықталған бір бөлігін көрсетеді. Бұл қаланың қарбалас өмірінен демалуға толық мүмкіндік бермейді.
Жылы шырайлы үй иелері	Қызмет көрсетуші персонал
Арнайы қонақтарды күтуге арналған ауылдық үйлер, коттедждер, бау-бақшасы бар қоныстар.	Арнайы кешендер немесе жеке тұрған бунгалолар, коттедждер.
Экологиялық таза өсірілген өнімдерден үй тағамдары. Бал, сүт, ірімшік, қаймақ, ет, көкөністер мен жемістер – барлығы фермадан және жоғары сапалы.	Дүкеннен сатып алынған өнімдерден асханаларда әзірленген ас.
Арнайы гид – қонақтың немесе туристің қалауына байланысты кез-келген уақытта жаяу, ат үстіндегі серуен, шаңғы тебу сынды және т.б. серуендерді өткізу.	Топтармен жұмыс жасайтын гидтер мен нұсқаушылар. Бұндай үлгідегі жұмыс әдетте сапаға емес санға көбірек көңіл бөледі. Стандартты маршрутпен жүргізеді.

Қазақстандағы агротуризм саласын жаңа құрылып келе жатқан нарық деп қарастыруға болады.

Агротуризм – ауыл экономикасының дамуына қосымша табыс көзі мен жаңа жұмыс орындарын қалыптастыру арқылы үлес қосуға және отбасы табысын ұлғайту нәтижесінде ауыл халқының өмір сүру деңгейі мен сапасын жақсартуға бағытталған ауылдық жердегі шаруа қожалықтарының баламалы бизнесі.

Агротуризм - жеке меншік сектор негізінде (ауылдық үй) құрылатын фермерлік шаруашылық аясында ұйымдастырылған экологиялық туризм түрі ретінде танылатын демалыс. Агротуризм өзінің ауылдық аймақтағы жеке меншік баспанасы негізінде туристерді қабылдаушы отбасының орналастыру, тамақтандыру, ойын-сауық сынды қызметтерді кешенді түрде өзі ұйымдастырып, тұтынушыға ұсынатындығымен ерекшеленеді.

Қазіргі таңда агротуризм - Еуропада кеңінен таралған құбылыс.

Әр жыл сайын Италия, Франция, Испания бірнеше миллион агротуристерді қабылдайды. Ресей мен Беларусь елдері де туризмнің агротуризм түріне табыстың көзі ретінде айрықша көңіл бөлуде, әрі оны жан-жақты қолдап, дамытуда. Қала халқының басым бөлігінің фермерлік шаруашылық бойынша экскурсия құру үшін көптеген қаражат жұмсауға дайын екендігі шетелдің бірқатар мемлекеттерінде орын алып отырған агротуризмге деген сұраныстан көрініс табады [2].

Еліміздің туристік әлеуеті бар ауылдық аймақтарының табиғи туристік ресурстарының тиімділігін арттырудың және ауылдық өңірлердің туристік инфрақұрылымын дамытудың ең қолайлы әрі табысты жолы – Астана, Қарағанды облысы және Алматы қалалары маңында этноауыл ашу және этноауылда агротуризмді дамыту тетіктерін қалыптастыру. Себебі, бұл өңірлерде орналасқан туристік нысандар туризмді дамытудағы әлеуеті өте зор. Осы табиғаты әсем, ландшафттары көз аларлық аумақтарға жыл сайын отандық және шетелдік азаматтар көптеп келуде.

Агротуризм бұл өңірдің туристік тиімділігін арттырып қана қоймай, ауылды дамытуға септігін тигізіп, оның әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсартуға бірден-бір үлес қосады. Агротуризм осы аймақтың жағдайын жақсарту, ауыл халқының экономикалық әл-ауқатын көтеру, жергілікті халықты жұмыспен қамту, табиғи, тарихи, мәдени мұра біртұтастығын сақтау, өңірге деген шет елдік әрі отандық туристердің мәдени, тарихи, экзотикалық қызығушылығын ояту мен арттыру, өңірдің туристік имиджін қалыптастыру сынды бірқатар өзекті мәселелерді шешудің тиімді жолы да бола алады.

Агротуризм – қазақстандық фермаларды дамытудың жаңа бағыты.

Агротуристің демалуын ұйымдастыруды жеке фермалар қамтамасыз етеді. Осы бизнес, егер ол дұрыс жолға қойылса, бірден екі пайда бере алады.

Қазақстанда агротуризмді дамыту мақсатында қарастырылған ұсыныстарды жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер:

- Қазақстанға келетін туристер санының өсуі;
- агротуризм қызметтерін ұсынатын мекендер санының өсуі;
- елді мекенде жеке шаруа қожалығы мен фермерлік қожалықтар өнімін өткізу көлемін арттыру;
- елді мекенде өзін-өзі жұмыспен қамту және жұмысбастылық деңгейін арттыру;
- елді мекендерде шағын бизнес кәсіпорындары санының өсуі;
- азғантай қаржылай шығын жағдайында ауыл тұрғындарының табысы мен өмір сүру деңгейін арттыру;
- шаруа қожалықтарында өндірілетін өнім түрлерін көбейту;
- жергілікті бюджет түсімдерінің өсуі;
- жергілікті фольклор, дәстүр, халықтық қолөнер және көрнекті орындардың сақталуы;
- елді мекендердің абаттандырылуын жақсарту, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту;
- туристік қызметтер түрін кеңейту есебінен қызмет көрсету сферасының дамуы;
- тұрғылықты жерлердің жеке мүліктік, интеллектуалдық, қаржылық және еңбек ресурстарының есебінен тұрғындардың іскерлік бастамаларының артуы;
- аграрлық туризм саласындағы кәсіпкерлердің кәсіби деңгейін жетілдіру болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. И. Ендрейчик, Агротуризм: мировой опыт и развитие. М., 1995г.
2. Амантаев Ж. Қазақстандағы агротуризмнің түрлері мен дамуы, Атамекен, 22 наурыз. - 2008. – 76.
3. Дуйсен Г.М. Основы формирования и развития индустрии агротуризма в Казахстане. Алматы, 2002. -122б.